

Ұзынкөл ауданы мәслихатының 2008 жылғы 19 желтоқсандағы № 111 "2009 жылға арналған аудандық бюджеті туралы" шешімін іске асыру туралы

Мерзімі біткен

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 10 сәуірдегі № 77 қаулысы. Қостанай облысы Ұзынкөл ауданының Әділет басқармасында 2009 жылы 8 мамырда № 9-19-102 тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 56-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 1-тармағына, "2009 жылға арналған аудандық бюджеті туралы" (нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 9-19-87 тіркелген, "Нұрлы жол" 2009 жылғы 15 қаңтарда Ұзынкөл ауданы мәслихатының 2008 жылғы 19 желтоқсандағы № 111 шешіміне сәйкес, Ұзынкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек" атты бюджеттік бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында жергілікті бюджеттен мынадай әлеуметтік төлемдер белгіленсін:

1) 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 64-жылдығын мерекелеуге байланысты:

Ұлы Отан соғысының қатысушыларына және мүгедектеріне, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен; "Ленинград блокадасының тұрғыны" белгісімен марапатталған тұлғаларға; басқа мемлекеттер аумағындағы соғыс әрекеттеріне қатысушыларға; концентрациондық лагерлердің жасы кәмелетке толмаған тұтқындарына; Ұлы Отан соғысының кезіндегі жалданбалы құрамның тұлғаларына; Ұлы Отан соғысында қаза тапқан, некеге қайта тұрмаған жауынгерлердің жесірлеріне (күйеулеріне);

2) әлеуметтік көмек "Қарттар күніне", "Мүгедек күніне", мерей той қатысушыларына, және Ұлы Отан соғысының қатысушыларына, мүгедектеріне;

3) республикалық және жергілікті маңыздағы дербес зейнеткерлерге және еңбегі сіңген жұмысшы атағы бар зейнеткерлерге жылына отыз мың тенге сомасындағы біржолғы әлеуметтік көмек;

4) қайтыс болған, кәмелетке толмаған балаларды және жұмыссыздарды жерлеу үшін республикалық бюджет туралы заңымен белгіленген айлық есептік көрсеткіштің он есе көлемінде тиісті жылға әлеуметтік көмек;

5) мүгедек-балаларды компьютерлік томографпен тексеруге байланысты шығынды өтеу үшін есептік құжаттардың негізінде тексерілудің бағасынан жүз пайыз көлемінде әлеуметтік көмек;

6) мүгедек балаларға, тәрбиеленетіндер мен үйде оқитындарға, оқу жылы мезгіліне ай сайын тиісті жылға республикалық бюджет туралы заңымен белгіленген айлық есептік көрсеткіштің сегіз есе көлемінде әлеуметтік көмек көрсетілсін;

7) туберкулезбен ауыратын азаматтарға амбулаториялық емделу кезеңінде қосымша тамақтануға тиісті жылға республикалық бюджет туралы заңымен белгіленген бес айлық есептік көрсеткіші біржолғы әлеуметтік көмек;

8) біржолғы әлеуметтік көмек жалпы білім беретін мектеп түлектеріне Қазақстан Республикасының жоғары және арнайы орта оқу орындарында білім алу үшін қаржы төлеуіне байланысты, аз қамтылған және көп балалы отбасылардың және ата-анасының қамқорлығынан айрылған, бала жасынан мүгедектерге, дарынды балаларға, жетімдерге, толмаған отбасылардың балаларына, табысы аз отбасылардың (ен төменгі күнкөріс) осы жоғары және арнайы орта оқу орындарының нақты оқу бағасына сәйкес бөлінген жергілікті бюджеттің қаржысынан көрсетіледі;

9) жалпы білім беру мектеп түлектеріне Қазақстан Республикасының медициналық жоғарғы оқу орындарында оқуларына төлеу сәйкесті медициналық жоғарғы оқу орындағы нақты оқу бағасын және жергілікті бюджет бөлген қаржы шамасында біржолғы әлеуметтік көмек;

10) есепте тұратын, үйде қызмет көрсетіліп жүрген жалғыз тұратын қарттарға, кедей тұратын азаматтарға азық - түлік корзинасының мөлшерінің өсуіне байланысты, қаражаттық жыл ішінде ай сайын бір айлық тиісті жылға республикалық бюджет туралы заңымен белгіленген 2009 жылға арналған қосымша әлеуметтік көмек;

11) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне тиісті жылға ай сайын республикалық бюджет туралы заңымен белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жетпіс пайыз көлемінде тұрмыстық қажеттіліктеріне және бір жолғы жиырма жеті мың жүз теңге;

12) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне мерзімді баспасөз жазылысына.

Ескерту. 1-тармаққа 11), 12) тармақшалар толықтырылды - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2009.08.28 № 201 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

2. "Ұзынкөл ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі-уәкілетті орган) әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу бойынша уәкілетті орган болып белгіленсін.

3. Мыналар белгіленсін:

1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне тұрмыстық қажеттіліктеріне азық - түлік корзинасының мөлшерінің өсуіне есепте тұратын, үйде

қызмет көрсетіліп жүрген жалғыз тұратын қарттарға, кедей тұратын азаматтарға ай сайын берілетін әлеуметтік көмек арыз берген айынан тағайындалады және арыз берген адамның қайтқанынан немесе Ұзынкөл ауданының аймағынан көшіп кетсе тоқтатылады. Аталған оқиғалардың болған айынан, келесі айынан төлеу тоқтатылады;

2) әлеуметтік көмек тағайындау немесе одан бас тарту туралы шешім уәкілетті органмен құжаттар қабылданған күннен бастап он күн ішінде қабылданады;

3) әлеуметтік көмек кәмелетке толмаған балаларды жерлеу үшін еңбекке жарамды ата-ананың біреуі (ұл (қыз) асырап алушысы) баланың қайтыс болған күніне жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органда жұмыссыз ретінде тіркелген жағдайда, ата-анасының біреуіне немесе өзге заңды өкіліне тағайындалады;

4) әлеуметтік көмек қайтыс болған кезде жұмыспен қамту мәселелері бойынша уәкілетті органда ресми түрде жұмыссыз ретінде тіркелген қайтыс болған жұмыссыздарды жерлеу үшін тағайындалады;

5) әлеуметтік көмек қайтыс болған жұмыссыздарды жерлеу үшін, қайтыс болған адаммен қайтқан күніне бірге тұрған отбасы мүшелеріне немесе жерлеуші адамдарға төленеді;

6) әлеуметтік көмек мүгедек-балаларды компьютерлік томографпен қарауға байланысты шығынды өтеу үшін отбасының табысына қарамастан мүгедек-баланың ата-анасына немесе өзге заңды өкіліне тағайындалады және төленеді;

7) әлеуметтік көмек мүгедек балаларға, тәрбиеленетіндер мен үйде оқытындарға, отбасының табысына қарамастан мүгедек баланың ата – анасына немесе өзге заңды өкіліне тағайындалады және төленеді;

8) әлеуметтік көмек білім беру орындарының түлектеріне, сонымен қатар студентер санынан жастарға аз қамтылған және көп балалы отбасылардың және ата-анасының қамқорлығынан айрылған, бала жасынан мүгедектерге, дарынды балаларға, жетімдерге, толмаған отбасылардың балаларына, табысы аз отбасылардың (ен төменгі күнкөріс) тағайындалады;

9) жыл сайынғы біржолғы әлеуметтік көмек бірыңғай ұлттық тестіден өткен, Республикалық гранттан өтпеген, медицина жоғарғы білім мекемесінің студент санының есебіне кірмеген түлектерге көрсетіледі. "Ұзынкөл аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің өтініші және ұсынысы бойынша, және арыз берген кезекпен бөлінген жергілікті бюджеттің қаржысынан оқуға қаражат бөлінеді;

10) әлеуметтік көмек туберкулезбен ауыратын азаматтарға "Ұзынкөл орталық аудандық аурухана" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны берген өтініш берушінің амбулаторлық емделгендігін растайтын анықтаманы берген кезде тағайындалады;

11) әлеуметтік көмек төлеу уәкілетті орган берген тізімдерге сәйкес тиісті банктік операциялар жүргізуге Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің лицензиясы бар

екінші деңгейдегі банктер немесе ұйымдар арқылы әлеуметтік көмек алушының есеп шотына ақшалай қаражат аударумен жүзеге асырылады;

4. Уәкілетті орган әлеуметтік көмек тағайындау үшін қажет құжаттардың тізбесін бекітсін.

5. Әлеуметтік көмекті қаржыландыру "Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек" бюджеттік бағдарламасы бойынша жүргізілсін.

6. Қаулының орындалуына бақылау жасау Ұзынкөл ауданының әкімінің орынбасары М. В. Слесарьға жүктелсін.

7. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2009 жылдың 1 қаңтардан бастап пайда болған әрекеттерге қолданылады.

Ұзынкөл ауданының әкімі

А. Сейфуллин

КЕЛІСІЛДІ:

"Ұзынкөл орталық аудандық аурухана"

мемлекеттік коммуналдық қазыналық

кәсіпорны, бас дәрігер

Қ. Ержанов

Ұзынкөл ауданы әкімдігінің
2009 жылғы 10 сәуірдегі
№ 77 қаулысына қосымша

**Қайтыс болған кәмелетке толмаған балаларды
жерлеуге әлеуметтік көмекті тағайындауға
қажетті құжаттар тізбесі**

1. Белгіленген үлгідегі өтініші.

2. Қайтыс болуы туралы куәлігі (түпнұсқа, көшірмесі).

3. Баланың туу туралы куәлігі (түпнұсқа, көшірмесі).

4. Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәклетті органның ата-аналардын біреуне (асырап алушысын, қорғаншысын, қамқоршысын) жұмыссыз есебінде тіркеу туралы анықтамасы.

5. Ата-анасының, асырап алушының, қорғаншының, қамқоршының жеке басын куәландыратын құжаты (түпнұсқасы, көшірмесі), сондай - ақ: асырап алушы баланы асырап алу туралы шешімді тапсырады (түпнұсқасы, көшірмесі) қорғаншылар (қамқоршылар) қорғаншылық (қамқоршылық) куәлігін береді, болмаса қорғаншылық және қамқоршылық органдарының балаға қамқоршы (қорғаншы) тағайындау туралы шешімін тапсырады (түпнұсқасы, көшірмесі).

6. Мүгедектер үшін — дәрігерлік әлеуметтік сараптама комиссиясының мүгедектік тобын белгілеу туралы анықтамасы (түпнұсқасы, көшірмесі).

7. Зейнеткерлер үшін — зейнетақы куәлігі (түпнұсқасы, көшірмесі).

**Қайтыс болған жұмыссыздарды жерлеуге
әлеуметтік көмекті тағайындауға қажетті
құжаттар тізбесі**

1. Белгіленген үлгідегі өтініші.

2. Қайтыс болуы туралы куәлігі (түпнұсқасы, көшірмесі).

3. Жұмыспен қамту мәселері жөніндегі уәкілетті органның қайтыс болған адамның жұмыссыз ретінде тіркелгенін растайтын анықтамасы.

4. Қайтыс болған жұмыссыздың жеке басын куәландыратын құжаты (түпнұсқасы, көшірмесі).

5. Әлеуметтік көмекті алуға құқылы тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаты (түпнұсқасы, көшірмесі), сондай - ақ:

егер жерлеу отбасы мүшелерінің тұрғысынан іске асырылған болса, өтініш иесі туыстық қатынастарды растайтын дерек ретінде құжатты табыс етеді (түпнұсқасы, көшірмесі), егер жерлеу отбасы мүшелерінің емес, басқа біреудің тұрғысынан іске асырылған болса, өтініш иесі жол-жора қызметтерін көрсететін мекемеден алынған құжатты (түпнұсқасы, көшірмесі) немесе жерлеудің іске асырылғандығын растайтын селолық округ, село әкімі аппаратынан алынған анықтамасын ұсынады.

**Білім беру орындарының түлектеріне әлеуметтік
көмекті тағайындауда қажетті құжаттар тізбесі**

1. Белгіленген үлгідегі өтініші.

2. Өтініш – иесінің жеке басын куәландыратын құжаты (түпнұсқасы, көшірмесі).

3. Тұратын жерін растайтын құжат.

4. Үлгілі анықталған жалпы орта білім туралы аттестаті (түпнұсқасы, көшірмесі).

5. Үлгілі анықталған ұлттық бірыңғай тестілеудің мемлекеттік сертификатінің немесе комплекстік тестілеудің нәтижесі (түпнұсқасы, көшірмесі).

6. Салық төлеушінің тіркеу номері (түпнұсқасы, көшірмесі).

7. Әлеуметтік жеке коді (түпнұсқасы, көшірмесі).

8. Аз қамтылған азаматтар үшін-отбасы мүшелерінің табыстарының бар болуы немесе жоқ екендігін растайтын құжаттары.

9. Оқу орнынан алынған анықтамасы немесе бұйрықтың көшірмесі.

10. Жоғары немесе орта - арнайы кәсіптік білімді маманды даярлау туралы оқу орнымен жасасқан шарт.

**18 жасқа дейінгі мүгедек балаларды
компьютерлік томографпен тексеруге байланысты**

**шығынды өтеуге арналған әлеуметтік көмекті
тағайындауға қажетті құжаттар тізбесі**

1. Белгіленген үлгідегі өтініші.
2. Өтініш – иесі тұнғыш рет өтініш білдірген уақытта, мына құжаттарды ұсынады:
баланың туу туралы куәлігі (16 жасқа дейінгі мүгедек-балаларға), жеке бас куәлігінің көшірмесі (16 жастан 18 жасқа дейінгі мүгедек-балалар үшін) (түпнұсқасы, көшірмесі);
тұратын жерін растайтын құжат;
мүгедектік тобын белгілеу туралы дәрігерлік-әлеуметтік сараптама комиссиясының анықтамасы.

**Ұлы Отан соғысының қатысушылар мен
мүгедектеріне тұрмыстық қажеттіліктеріне,
әлеуметтік көмекті тағайындауға қажетті
құжаттар тізбесі**

1. Белгіленген үлгідегі өтініші.
2. Қатысушының немесе Ұлы Отан соғысының мүгедегі куәлігінің көшірмесі.
3. Жеке басының куәлігінің көшірмесі.

**Жергілікті және республикалық маңызы бар
дербес зейнеткерлерге, және еңбек сіңірген
жұмысшы атағы бар зейнеткерлерге біржолғы әлеуметтік
көмек тағайындауға қажетті құжаттар тізбесі**

1. Белгіленген үлгідегі өтініші.
2. Өтініш – иесінің жеке басын куәландыратын құжаты (түпнұсқасы, кешірмесі).
3. Өтініш иесінің салық төлеуші тіркеу нөмірі (ТТН) (түпнұсқасы, көшірмесі).
4. Статус растайтын жергілікті және республикалық маңызы бар дербес зейнеткерлерге, және еңбек сіңірген жұмысшы атағы бар зейнеткерлер деген құжаттар көшірмесі.

**Туберкулезбен ауырып жатқан азаматтарға
әлеуметтік көмек тағайындауға қажетті
құжаттар тізбесі**

1. Белгіленген үлгідегі өтініші.
2. Өтініш – иесінің жеке басын куәландыратын құжаты (түпнұсқасы, кешірмесі).
3. Өтініш иесінің салық төлеуші тіркеу нөмірі (ТТН) (түпнұсқасы, көшірмесі).
4. Өтініш берушінің әлеуметтік жеке коды (түпнұсқасы, кешірмесі).
5. Тұратын жерін растайтын құжат.

6. Амбулаториалық емделуде екіндігін растайтын дәрігерлік мекемеден анықтама.

Білім түлектеріне, медициналық жоғарғы оқу орындарында оқитын студенттерге әлеуметтік көмек тағайындауға қажетті құжаттар тізбесі

1. Белгіленген үлгідегі өтініші.
2. Өтініш – иесінің жеке басын куәландыратын құжаты (түпнұсқасы, көшірмесі).
3. Тұратын жерін растайтын құжат.
4. Үлгілі анықталған жалпы орта білім туралы аттестаті (түпнұсқасы, көшірмесі).
5. Үлгілі анықталған ұлттық бірыңғай тестілеудің мемлекеттік сертификатінің немесе комплекстік тестілеудің нәтижесі (түпнұсқасы, көшірмесі).
6. Өтініш иесінің салық төлеуші тіркеу нөмірі (ТТН) (түпнұсқасы, көшірмесі).
7. Өтініш берушінің әлеуметтік жеке коды (түпнұсқасы, көшірмесі).
8. Оқу орнынан алынған анықтамасы немесе бұйрықтың көшірмесі.
9. Медициналық жоғарғы оқу мамандығына даярлау туралы шарт және оқушыны оқуға кіргізу туралы оқу орнынан бұйрық.
10. "Ұзынкөл аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің берген қолдау хаты және ұсынысы.